

**«Профессор-оқытушылар құрамының
ЖОО-да еңбекті басқару және ұйымдастыру жүйесімен қанағаттанушылығы»
тақырыбында жүргізілген сауалнама бойынша нәтижелері**

Сауалнаманың мақсаты: Профессор-оқытушылар құрамының университеттегі еңбекті ұйымдастырумен қанағаттанушылығын талдау және осы саладағы туындаған мәселелерді анықтау.

Міндеттері:

1. Еңбек жағдайларына байланысты факторларды анықтау.
2. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға байланысты факторларды анықтау.
3. Кәсіби өсу жағдайларына байланысты факторларды анықтау.

Университеттегі еңбекті басқару жүйесі мен ұйымдастыруға байланысты әртүрлі әлеуметтік факторлардың әсерін зерттеп, анықтау мақсатында сауалнама құрастырылып, онлайн форматта жауап алынды. Сауалнамаға ҚарУ-дың ПОҚ-нан 350 адам қатысты. Оның ішінде ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар қызметкерлер: ғылым докторы - 5,15%, ғылым кандидаты – 23.8%, PhD Докторы – 8.5%, магистр – 54.7%, ғылыми немесе академиялық дәрежесіз – 8%. Лауазымы бойынша: еңбек сіңірген профессор – 0.5%, профессор-зерттеуші - 1.4%, профессор – 9.7 %, қауымдастырылған профессор – 14.4%, профессордың ассистенті -7.6%, аға оқытушы – 43.6%, оқытушы – 23.55%. ЖОО-дағы педагогикалық жұмысының жалпы өтілі бойынша: 3 жылға дейін – 21,2 %, 3 жылдан 7 жылға дейін – 15,7%, 7 жылдан 15 жылға дейін – 15.45%, 15 жылдан 20 жылға дейін – 16.9%, 20 жылдан астам- 30.7%.

Сауалнамаға қатысқан факультеттер пайызы: биология-география - 4.3%, шет тілдер - 16.9%, тарих - 2.8%, математика және ақпараттық технологиялар - 9.8%, педагогика - 8.5%, физика-техникалық - 1.45%, филология - 7%, философия және психология - 8.9%, химия - 19.9%, экономика 2%, заң - 18.3%.

Сауалнама нәтижелері келесідей болды:

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы ЖОО-ғы оқытушы кәсібінің беделінің дәрежесі қандай екенін білуде респонденттердің 48 пайызы жоғары десе, 41 пайызы орташа, 11 пайызы төмендігін белгіледі.

Оқытушылардың жалпы жұмысына көңілі толатындығын анықтау барысында көңілі толған 81,5 пайыз, ал 16,6 пайызы көңілі толмайтын көрсетті.

Келесі жағдайлардың еңбек ұжымында қаншалықты дамығанын бағалауда:

| р/с | | жақсы дамыған | орташа дамыған | нашар дамыған | мүлдем жоқ |
|-----|----------------------------|---------------|----------------|---------------|------------|
| 1. | Өзара жауапкершілік | 79 | 15 | 5 | 0,6 |
| 2. | Өзара талап қою | 77 | 17 | 6 | 0,6 |
| 3. | Ынтымақтастық, өзара көмек | 78 | 15 | 7 | 0,6 |
| 4. | Бәсекелестік | 60 | 25 | 11 | 4 |
| 5. | Бір-біріне деген құрмет | 83 | 11 | 5 | 0,6 |
| 6. | Өзара тілектестік | 82 | 11 | 6 | 0,6 |
| 7. | Корпоративтік рух | 74 | 17 | 7 | 3 |

ПОҚ-ның келесі критерийлер бойынша қанағаттануы:

| | | Қанағат танамын | Жалпы қанағат танбаймын | Толығы мен қанағат танбадым |
|----|-------------------|-----------------|-------------------------|-----------------------------|
| 1. | Жұмыстың сипатына | 98% | 2% | |

| | | | | |
|-----|--|-----|------|------|
| 2. | Басқару жүйесіне | 91% | 7% | 2% |
| 3. | Еңбекті ұйымдастыру жағдайларымен және жұмыс орындарының жабдықталуы | 88% | 8% | 4% |
| 4. | Оқытушы қызметінің нәтижелерін бағалау | 86% | 10% | 4% |
| 5. | Өз мамандығымен | 99% | 0.6% | |
| 6. | Мансаптық өсу келешегімен | 92% | 6% | 2% |
| 7. | Еңбекақы төлеу және көтермелеу жүйесі | 85% | 10% | 5% |
| 8. | Әлеуметтік қорғау жүйесімен | 89% | 7% | 4% |
| 9. | Кафедра меңгерушісімен қарым-қатынасқа | 97% | 3% | 0.6% |
| 10. | Жұмыс жөніндегі әріптестермен қарым-қатынасқа | 98% | 1% | 0.3% |
| 11. | Білім алушылармен қарым-қатынасқа | 99% | 0,6% | |
| 12. | Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне | 92% | 6% | 2% |
| 13. | Ғылыми қызметпен айналысуға арналған | 87% | 9% | 4% |
| 14. | Оқу процесін техникалық жарактандыру | 84% | 10% | 6% |
| 15. | Кітапхананың оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне | 93% | 5% | 2% |
| 16. | Факультеттегі моральдық – психологиялық ахуалға | 91% | 5% | 4% |

Мүмкіндік бола қалған жағдайда өзінің кәсіби қызметін басқа салаға өзгерте алатындар 38 пайыз, өзгертпейтіндер 91 пайызды көрсетті.

Оқытушыларды жұмысқа конкурстық қабылдау және оларды аттестаттау жүйесі ЖОО-ның кадрлық әлеуетін арттыруға ықпалының бар жоғын анықтауда 57 пайызының ойынша әсері бар, ықпалы жоқ дегендер 46 пайызды құраса, 7 пайызы жауап беруге қиналған.

Келесі құрылымдардың шешімдері туралы жеткілікті білетіндіктерін анықтауда

| | | Ия | Жоқ | Жауап беруге қиналамын |
|----|-------------------------|----|-----|------------------------|
| 1. | Факультет Кеңесі | 76 | 23 | 0.8 |
| 2. | Деканат | 80 | 21 | 1.4 |
| 3. | Академиялық Кеңес | 72 | 26 | 2 |
| 4. | Ғылыми-техникалық Кеңес | 69 | 28 | 3 |
| 5. | Басқарма Отырысы | 71 | 27 | 2 |
| 6. | Ғылыми Кеңес | 73 | 25 | 2 |

Қажет болған жағдайда келесі мүмкіндіктер бар екендігін анықтау барысында

| | | иә | жоқ | Жауап беруге қиналамын |
|----|---|----|-----|------------------------|
| 1. | ...факультет деканына тікелей хабарласуға | 89 | 10 | 0,6 |
| 2. | ...тікелей университет ректорына хабарласуға | 54 | 40 | 6 |
| 3. | ... университет проректорына тікелей хабарласуға | 75 | 32 | 3 |
| 4. | ... факультеттің алқалы органдарының жұмысына қатысуға (Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия, факультет кеңесі) | 66 | 30 | 3, |
| 5. | ... жыл ішінде кафедра отырыстарында қарастырылатын жоспарлы мәселелерді қарауға қатысуға | 94 | 17 | 1 |
| 6. | ... кафедра шешімдерін қабылдауға қатысу | 84 | 14 | 2 |

Факультеттің алқалы органдарына қатысу құқығының қаншалықты шектеулі екендігін анықтауда шектеулі дегендер 50 пайыз болса, шектеулі емес дегендер 80 пайызды құрады, ал жауап беруге қиналғандар саны 15 пайыз.

Кафедра отырыстары қаншалықты жиі өткізілетінін анықтау барысында ай сайын өтетінін 88 пайыз, тоқсан сайын өткізілетінін 6 пайыз, семестр сайын 4 пайыз, жылына бір рет 1 пайыз болса, отырыстар өткізілмейді дегендер 1 пайызды құрады.

Күнделікті кәсіби қызметтерінде келесі ресурстардың қол жетімділік дәрежесін бағалау бойынша:

| | | Қанағаттанамын | Қанағаттанбаймын | Толығымен қанағаттанбаймын |
|----|--------------------------|----------------|------------------|----------------------------|
| 1. | Компьютерлік техника | 88 | 8 | 4 |
| 2. | Көшіру-көбейту техникасы | 80 | 13 | 7 |
| 3. | Кітапхана ресурстары | 97 | 3 | 0,8 |
| 4. | Интернет-ресурстар | 94 | 4 | 2 |

Оқытушылардың сабақ кестесіне қанағаттану деңгейін анықтау барысында 69 пайызы қанағаттанғанын, 29 пайызының қанағаттанбағанын байқауға болады.

Университеттің сапа саласындағы саясатымен оқытушылардың 77% таныс, 20% таныс еместігін көрсетті.

Университеттің даму стратегиясымен оқытушылардың 73 пайызы қанағаттанса, даму стратегиясы 19 пайызының көңілінен шықпаған.

Қорытынды:

Университеттегі еңбекті басқару және ұйымдастыру жүйесімен қанағаттануын анықтау барысында келесі нәтижеге қол жеткіздік. Сауалнамаға ҚарУ-дың ПОҚ-нан 350 адам қатысты.

Қазақстандық қоғамда университет оқытушысының кәсіби беделі сауалнама нәтижесіне қарап, өзіндік алатын орны бар екенін байқауға болады.

Жалпы оқытушылардың өз жұмысына көңілдері толады. Жұмыс орнында жауапкершілік, талап қою, өзара ынтымақтастық, бір-біріне деген құрмет және рухани қолдау жоғары деңгейде дамыған.

Жұмыстың сипатына, басқару жүйесіне, мансаптық өсу келешегіне, кафедра меңгерушісімен, әріптестермен, білім алушылармен қарым-қатынасқа, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне, Оқу процесін техникалық жарақтандыруы мен кітапхананың оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне, факультеттегі моральдық – психологиялық ахуалына, ғылыми қызметпен айналысуға, еңбекті ұйымдастыру жағдайларымен және жұмыс орындарының жабдықталуымен толықтай қанағаттанады.

91 пайыз респонденттерге өз мамандықтары мен қызметі ұнайтынын, сол себепті басқа салаға ауыспайтын таңдады.

Респонденттердің жартысынан көбі оқытушыларды жұмысқа конкурс арқылы қабылдау және аттестаттау жүйесі арқылы университеттегі кадрдың әлеуетін арттыруға болады деп ойлайды

Қажет болған жағдайда факультет деканына, факультеттің алқалы органдарына, университет проректорына және университет ректорына мүмкіндіктері бар.

Кафедра отырыстары ай сайын жоспар бойынша өтетінін 88 пайызы таңдады. Күнделікті кәсіби қызметтерінде компьютерлік техника, көшіру-көбейту техникасы, кітапхана ресурстары және интернет-ресурстарының қол жетімділігіне қанағаттанады. Оқытушылардың жартысынан көбі сабақ кестесіне қанағаттанса, 29 пайызының қанағаттанбайтынын байқауға болады. Университеттің сапа

саласындағы саясатымен оқытушылардың 77%-ы таныс болса, ал даму стратегиясымен 73 пайызы қанағаттанады.

Ұсыныстар:

- университетте оқытушының беделін жоғарылату үшін шаралар қолға алыну ұсынылады;
- сауалнама нәтижесін ескере отырып, кейбір оқытушылардың сабақ кестесіне көңілі толмайтыны байқалды. Сондықтан сабақ кестесін құру барысында оқытушылардың ойын ескеру қажет. Сол кезде жұмыс сапасыда жақсы болар еді;
- факультеттің алқалы органдарына қатысуға мүмкіндігі бар екендігін, қажет болған жағдайда университет ректорына мүмкіндіктері барын жеткізу;
- университеттің сапа саласындағы саясатымен және даму стратегиясымен барлық оқытушыларды ақпараттандыру.

Сапаны қамтамасыз ету және
тәуекелдерді бағалау департаменті
директорының орынбасары

Болатова А.Ж.

Тақырыбы: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-дағы жұмысты басқару және ұйымдастыру жүйесіне педагогикалық ұжымның қанағаттанушылық көрсеткіштері

Өткізген күні: 2021 жыл, қараша айы

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны: 350 (оқытушылар құрамының жалпы санының 43%-ы)

Зерттеу әдісі: социологиялық сауалнама

Өткізу формасы: онлайн сауалнама (Google forms)

Нәтиже:

| | | Қанағаттану , % | Қанағаттану көрсеткішінің сипаттамасы |
|-----|--|--------------------|---------------------------------------|
| 1. | Жұмыстың сипатына | 98% | Оң нәтижелі |
| 2. | Басқару жүйесіне | 91% | Оң нәтижелі |
| 3. | Еңбекті ұйымдастыру жағдайларымен және жұмыс орындарының жабдықталуы | 88% | Оң нәтижелі |
| 4. | Оқытушы қызметінің нәтижелерін бағалау | 86% | Оң нәтижелі |
| 5. | Өз мамандығымен | 99% | Оң нәтижелі |
| 6. | Мансаптық өсу келешегімен | 92% | Оң нәтижелі |
| 7. | Еңбекақы төлеу және көтермелеу жүйесі | 85% | Оң нәтижелі |
| 8. | Әлеуметтік қорғау жүйесімен | 89% | Оң нәтижелі |
| 9. | Кафедра меңгерушісімен қарым-қатынасқа | 97% | Оң нәтижелі |
| 10. | Жұмыс жөніндегі әріптестермен қарым-қатынасқа | 98% | Оң нәтижелі |
| 11. | Білім алушылармен қарым-қатынасқа | 99% | Оң нәтижелі |
| 12. | Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне | 92% | Оң нәтижелі |
| 13. | Ғылыми қызметпен айналысуға арналған | 87% | Оң нәтижелі |
| 14. | Оқу процесін техникалық жарақтандыру | 84% | Оң нәтижелі |
| 15. | Кітапхананың оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне | 93% | Оң нәтижелі |
| 16. | Факультеттегі моральдық – психологиялық ахуалға | 91% | Оң нәтижелі |
| 17. | Күнделікті кәсіби қызметтерінде ресурстардың қол жетімділігі | 84% | Оң нәтижелі |
| 18. | Кітапхана ресурстары | 97% | Оң нәтижелі |
| 19. | Интернет-ресурстар | 93% | Оң нәтижелі |
| | Орташа мәні | 92% | Оң нәтижелі |